

**Аса қадірменді Нұрсұлтан Әбішұлы!
Құрметті қонақтар!**

Мен, Шиповских Геннадий, әке-шешемнен бала күнімде айрылдым. Кейіннен бағыма орай, қазақ отбасы асырап алды. Өз баласынан артық көрмесе кем көрмеді. Туа біткен қаным орыс болғанымен, маңдайымнан сипаған әкем мен анам – Мұрат пен Баян Насыровтар. Солардың жылы алақаны мені қазақ қылды. Осы сахнадан ата-анама алғысымды білдіргім келеді.

Қадірлі Нұрсұлтан Әбішұлы!

«Нұрлы Жол» Жолдауында Сіз: - «қазақстандықтардың ел игілігі жолындағы ынта-жігерін, еңбекқорлығы мен мақсаткерлігін арттыру қажет» деп едіңіз.

Ассамблея ҚТЖ-мен бірге осы мақсатта «Менің Қазақстаным» әлеуметтік поезын ұйымдастырды. 29 елді мекенді аралап, ең алыстағы стансаларға тоқтап, халыққа қол ұшын беріп, көмек көрсеткен сол поезын Астанаға айдап келген машинист менмін. Мен мұны өзімнің Сіздің бірлік саясатыңызға қосқан кішкентай болса да үлесім деп санаймын.

Нұрсұлтан Әбішұлы! «Менің Қазақстаным» пойызының жұмысы халықты бір серпілтіп тастады. Ақсақалдар **«Елбасына рахмет. Мына қол жетпейтін мамандарды алдымызға жіберіп, барлық мәселемізді «үйден шықпай» шешіп жатырмыз»**, -дейді.

Ата-әжелеріміз қартайғанда некелерін заңдастырып, шалынан қалған дүниеге мұрагерлікті ресімдеп, жастар жеке кәсіпкерлікті ашып, субсидия алып, қаншама халық қуанып қалды.

Бұл поезд, Нұрсұлтан Әбішұлы, халықтың Сізге деген АҚ БАТАСЫН, ЫСТЫҚ ЫҚЫЛАСЫ МЕН РИЗАШЫЛЫҒЫН алып келді.

Құрметті Елбасы!

Қазақ ырымшыл халық қой, Жамбыл атаның пірі – қызыл жолбарыс болған дейді. Ал, Сіз – Қазақстанды Азияның барысына айналдырдыңыз.

Енді, Қазақстан - Локомотив сияқты Сіздің бастауыңызбен жылдамдықты баса түссін! Алдағы станция – Мәңгілік ел!

Рахмет!